

## Салық салу нысаны бірлігіне тіркелген салықтың бірынғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы VI шақырылған XXII кезектен тыс сессиясының № 1520/22 шешімі. Қарағанды облысының Эділет департаментінде 2018 жылғы 12 шілдеде № 4869 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1724/39 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 19.06.2020 № 1724/39 шешімімен (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 546-бабана және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сай салық салу нысаны бірлігіне тіркелген салықтың бірынғай мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы,  
мәслихат хатшысы*

*Ж. Мамерханова*

### **"Келісілді"**

*"Қарағанды облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер Департаменті  
Шахтинск қаласы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
республикалық мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*A. Орынбеков*

**2018 жылғы 29 маусым**

Шахтинск қалалық мәслихатының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
кезектен тыс XXII сессиясының  
№ 1520/22 шешіміне қосымша

## **Шахтинск қаласының және оған жақын кенттердің аумағында қызметтің жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемесінің көлемдері**

№	Салық салу нысанының атауы	Бір айда айлық есептік көрсеткіште тіркелген салық мөлшерлемесі
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	4
7	Астана, Алматы қалалары және арнайы аймақтан басқа елді мекендерде орналасқан уәкілетті ұйымның айырбастау пункті	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК